

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 68 қаулысына толықтырулар енгізу туралы (әділет департаментінде 1.04.2005 ж. N 3105 тіркелген)

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 151 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2005 жылдың 13 мамырында N 3145 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 қазандағы № 301 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009.10.21 № 301 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 27 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 13 Заңымен өзгерістер енгізілген салық және бюджетке төленетін міндетті басқа да төлемдер туралы (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-ІІ Кодексінің 21 бабын орындау үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Біржолғы талондарды беру және сомаларды жинау жұмысын ұйымдастыру қағидасының 1 қосымшасына мынадай толықтыру енгізілсін:

Олар мына мәтіндегі 3 және 4 тармақтармен толықтырылсын;

"3. Жеке трактор иелерінің жер учаскесін өңдеу жөнінде көрсететін қызметтері";

"4. Жеке жеңіл және жүк автокөлік иелерінің жолаушы және жүк тасымалы бойынша көрсететін қызметтері (лицензияланатын тасымалды қоспағанда)".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Н.Қ.Әбдібековке жүктелсін.

Облыс әкімі